

Мазут экспортына уақытша тыйым салуды енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 шілде N 1155. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.03.03. N 326 қаулысымен. ~ P010326

Елдің ішкі қажеттерін қамтамасыз ету үшін мазут қорын жасау қажеттігіне, жылу маусымына дайындыққа және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z952368_20-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 1 тамыздан бастап Қазақстан Республикасы аумағынан мазутты (ТМД СЭҚ ТН коды 2710 00 710-2710 00 780) әкетуге тыйым салынсын.
2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шараларды қабылдасын.
3. Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері және Қазақстан

Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі мазутпен қамтамасыз ету ісінің жай-күйі туралы ай сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарлап отырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК